



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Жаңа заман
«Модерн дәуірі»



Дәрістің мақсаты: жаңа заман немесе модерн кезеңін студенттерге түсіндіру және осы уақыттағы әлемнің бейнесін сипаттау.

Кілт сөздер: энергетикалық революция, Британдық Шығыс Үнді компаниясы, конституциялық монархия, *coup d'état*.

Бұл дәрісте 1750–1914 жж. аралығын, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейінгі кезең аралығын талдаймыз. Тарих саласының ғалымдары жаңа заманды барлық ерте кезеңдерден ерекшелейтін факторлар туралы ұзақ дау жүргізді.

Ренессанс, Реформация мен XVII ғасырдағы дағдарыстан кейін «Жаңа заман» немесе «модерн дәуірі» деп аталған кезең басталды. XVIII ғасырдың ортасынан бастап әлем бізге белгілі бейнеге ие бола бастады, тұрақты өзгерістерге ұмтылыс сияқты оны сипаттайтын белгілерді қабылдады. Бұл қалыптасуда сөзсіз адамзат баласы түсіне қоймаған маңызды факторлар өзіндік рөлде болды; бірақ сол уақытта түйсіне қоймаған факторлар модерн кезеңінде түсінетін салаға өтті. Бұл тарихи дамудың құрамдас бөлігі болып табылатын Тарих пен Прогресс туралы идеяның кең таралуында көрініс тапты.

Сондықтан модерн деп жылдам жүретін өзгерістердің қарқыны (ол халық өсімі, техникалық өзгерістер, әлеуметтік трансформация және т.б. құбылыстарда көрініс тапты) мен осы өзгерістермен қатар жүрген оларды ұғыну және салтанатты немесе сыни тұрғыдан интерпретациялау арасындағы өзара әрекеттестік ретінде сипаттаймыз.

Модерн кезеңіне негіз болған негізгі оқиғалардың бірі авторлардың ойынша, бұл – «энергетикалық революция». Адамдар дәстүрлі кәсіптің қазіргі индустрияға трансформациясының бастапқы кезеңдерінде көмірсутегінің – көмір, кейін мұнай мен газдың елеулі көлемінде энергетикалық потенциалын пайдалануға кірісті. Қолжетімді энергияның көлемі және сәйкесінше оны тұтыну соңғы 300 жылда мыңдаған есеге артты.

Содан бері пайдалы жерасты энергияларын қолдану – тұрғын санының өсу деңгейіне, өндірістік экономикаға, қоғамның күрделенуіне, әскери деструктивке және адамның қоршаған ортаны өзгертуіне бұрынғы кезеңдермен салыстыруға келмейтіндей межеде мүмкіндік берді. Бүгінде әр адамның орташа деңгейде жұмсайтын энергиясы 12 000 жыл бұрынғы адам жұмсаған энергиядан 46 000 есе көп және бұл өсімнің басым бөлігі 1750 жылдан бері байқалды. Бірақ, жаңа заман дәуірі басқа да сипаттарға ие, олардың барлығы энергетикалық революцияның жан-жақты әрі күрделі жолдарымен өзара байланысты.

Ерте Неолитте (12 мың жыл бұрын) ауылшаруашылық революцияда басталған кезең энергияны табу мен пайдаланудың жаңа тәсілдері арқасында еңсермелі болды, ал оның орнына драма мен белгісіздік толы жаңа дәуір келді.

Авторлардың пікірінше энергетикалық революциядан басқа да орныққан Модерн дәуірінің келесі орталық тенденцияларын атап өту қажет:

1. Адамзат баласының бұрынғыдай қоршаған ортаның шарттарына бейімделудің орнына оны өзгерту мүмкіндігіне ие болуы.
2. Халық санының өсуінің қарқынының күрт жылдамдауы; атап өтерлігі соңғы 300 жылда Жер шарының халқы 10 есеге артты.
3. Адамдар өмірінің материалдық жағдайларында радикалдық өзгерістерге әкелген бұрын соңды болмаған технологиялық пен ғылыми прогресс.
4. Білімдерді жинақтап, алмасуға мүмкіндік беретін экономикалық, мәдени, биологиялық пен демографиялық байланыстардың нығаюы.
5. Қоғамдық өмірді қалыптастыру мен жекелей алғандағы индивидуумды регламенттеудегі мемлекеттің рөлінің бірнеше есе артуы.
6. Дәстүр немесе Құдайда емес, халықта легитимдік биліктің ерекше бастауын қарастыратын жаңа саяси мен философиялық теориялардың пайда болуы мен таралуы.

Бұл барлық тенденциялар өзінің аяқталмаған болса да, XVIII–XIX ғасырлардағы ұлы қоғамдық, экономикалық пен саяси күйзелістерінде, Солтүстік Америка мен Франциядағы революцияларда, Англияда басталған индустриалдық революцияда көрініс тапты.



Біз бұл дәрісте осы оқиғалардың тоғысындағы әлемнің бейнесін сипаттауға тырысамыз. Жекелей алғанда біз қоғам мен мемлекет арасындағы дәстүрлі өзара қарым-қатынастардың үзілу мүмкіндігіне дейін жеткізген экономикалық пен саяси мәселелерге тоқталамыз.

Біз бірнеше рет атап өткендей, XV–XVI ғасырлардағы ашулар әлемдік экономикалық жүйенің дамуына қозғалтушы күш болды. Оның бір көрінісі – жаһандық коммерциализация; шикізат, продукция, тіпті, адамдар алтын, күміс пен тауарларға алмастырылып, тұтыну мәдениетінің ерте қалыптасуына ықпал етті. Коммерциализация мемлекеттің күшін қоғамның экономикалық жағдайымен байланыстырып, билеуші институттар алдына шикізат көздері мен өткізу нарығын табу, сауда жолдарын бақылау, ішкі нарықтардың протекционистік шараларын орнату бойынша жаңа міндеттерді белгіледі. Бұл өз кезегінде тиімді бюрократиялық аппарат пен жақсы қамтылған әскерлер мен флоттарды талап етті. Ол мемлекеттік қажеттіліктерге шығындарды елеулі түрде арттырды. Жаңа салықтар құру арқылы қажетті қаржы ресурстарын табуға ұмтылыстар полемикалық трактат пен ашық көтерілістерде көрініс тапқан бұқара халықтың қарсылығының артуымен бетпе-бет келді.

Жаһандық коммерциализацияның эффектісі барлық жерде бірдей болмағанымен, ол бір жақты болмады. Еуропада индустриалдық революцияға дейін тауар айналымының ғаламдық желісіне тартылу еңбек пен тұтыну тәжірибесіндегі өзгерістерге, яғни тарихшылар «industrious revolutions» – «ынта-жігер революциялары» деп атаған құбылысқа әкелді. Бір жағынан, алдында айтып өткендей, Қытайдағы шәй, Үндістандағы тоқыма, жиһаз бен басқа тұтыну заттары сияқты жаңа импорттық тауарлардың пайда болуы тұтыну қоғамының ерте нарығын дамуына қажетті жағдайлар жасады.

Нарыққа жаңа әрі тартымды тауар түрлері шыққан соң, XVIII ғасырда дүниежүзіндегі тұтынушылардың талабы мен талғамы жылдам өзгере бастады. Мысалы, Британияның Ост-Индия компаниясы қызметкерлері 1664 жылы король II Карлға екі фунт Қытай шәйін таныстырғанға дейін, ешбір еуропалық оның дәмін татып та көрмеген болуы ғажап емес. Келесі онжылдықтарда шәй Британияға энергия беруші әрі қант қосып ішетін, болмашы тәуелділік туғызатын сусын ретінде таралды. 1690 жылы шәйдің Қытайдан импорты шамамен 38 000 фунтқа өсті, 1750 жылы 37.4 миллионды құрады. Жаңа тағам түрлері мен өзге де тауарлардың саны артып, дүниежүзіндегі тұтынушылар өздері сатып алуды қалаған өнімдеріне талап қоя бастады. Оңтүстік Қытай, Жапония, Үндістан, Батыс Еуропа және Британдық Солтүстік Америка колониялары секілді, коммерциализация жылдам жүрген аймақтарда ақша табатын кісілер жұқа мата өнімдері, өнер мен үй фурнитурасында өте жоғары талғам қалыптастырды. Мұндай бағалы маталарды бұған дейін жер иесі – ақсүйектер ғана тұтына алатын. Батыс Африкада жергілікті көпестер сәннен қалған киімдерді емес, өзгеше өрнектері бар үнді шыттарын ала алмаса, еуропалық құл саудагерлеріне тұтқындарды сатудан бас тарта салуы мүмкін еді.

Үнді матасы Британ сәніне ықпал етті. Жекет және белдемше XVIII ғасырдағы Еуропа сән үлгісінің бір мысалы. Қолдан боялған шыт – Үндістанның оңтүстік-шығысындағы Коромандель жағалауынан келді. Гүлдер – үнділерге тән дизайн. Ағылшын тігіншісі бұл киімді шамамен 1780 жылы тіккен.

Орта табысты адамдардың заттарды натуралдық шаруашылықтағыдай өз қолымен емес, сатып алуға ниеті артты. Ол үшін ақша қажет болды, ал ақшаға сатылым арқылы, мысалы, астық, оның артық бөлігін сату арқылы немесе жалдамалы еңбек арқылы қол жетуге болатын еді. Екі жағдайда да көбірек жұмыс істеу қажет болды. Себебі мәселе басты қажеттіліктерді өтеу туралы ғана болмады. Өсіп келе жатқан тұтынумен басталған еңбек біртіндеп мезгілдік сипаттан айырылып, индустриалдық кезеңнің қауіптеріне дайын халықты құрды.

Қарастырылып отырған кезеңде Азия әлемдік экономикалық қызметтің орталығында болып қала берді; коммерциализациямен байланысты өзгерістер Еуропаға ұқсас жағдайда әлемнің біраз бөлігін қамтыды. Халықтың өсуіне өнімділіктің артуы қатар жүрді: бір Қытайдың өзіне барлық өндірілген тауардың 30%-ы тиесілі. Осы кезекте Үндістан әлемдік өндірістегі 23%-мен кейін орналасқан. Оның өмір сүру деңгейі, оның ұзақтығы, халықтың бақуаттылығы еуропалықтармен теңестіру болды. Мұның барлығы Жапонияға да қатысты. Алайда XVIII ғасырдың басында өсім кезеңінен кейін белгілі бір баяулау байқалды.



Тропикалық Африкадағы коммерциализация

Африка әлемдік саудамен, бірінші кезекте құл саудасымен айналысқан соң байланысты болды. Саудада қатысқан африкандық элита қаржылай пайдаға кенелді. Жалпы алғанда құрлық үшін болса, бұл жағдай катастрофаға ұласты: құл саудасының демографиялық салдарларын айтпағанда, экономика, ең алдымен, ауылшаруашылығы әлдеқайда еңбекке қабілетті халықтың бөлігінен айырылды. Сонымен қатар, құлдарды еуропалық тауарларға – мақта мен темірден жасалынған заттарға алмастыру жергілікті қолөнердің құлдырауының негізгі себептерінің біріне айналды.

Аймақтардың тұрғыны құлға айналмаса, экономикалық тұрғыдан ілгерілер ме еді? Өйткені егін салатын жерлер мен мал бағатын жайлаулар бұл өңірде тегін еді. Бұған қоса, Атлантиканың жағалаулары маңында еуропалық көпестер мақта матасы мен темірден жасалған өнімдері бар кеме жүктерін құлдарға айырбастады. Бұл импорттар кезінде өркендеген Африка матасы мен темір өндірісіне қысым жасады. Билеушілер мен саудагерлер еуропалық құл саудасымен айналысушылардың толастамайтын талаптарына жауап беруге тырысты. Алайда бұл соғыстарға, халықтар көшіне, аштыққа және қылмыс түрлерінің артуына әкеп соқты. Африканың батыс және орталық жағалауларындағы аймақтарда құл саудасы еркек тұрғындардың санын айтарлықтай азайтып жіберді. Тиісінше, ауылшаруашылығы жұмыстарының бар ауыртпалығы әйелдердің иығына артылды. Қысқасы, XVIII ғасырдың ортасында Шығыс және Оңтүстік Азияда экономикалық өсім дами түсті және Батыс Еуропа экономикасының жұлдызы жоғарылады. Керісінше, зорлықпен адам саудалау – дамушы экономикаға иелік етуі мүмкін көптеген Африка қоғамының сауда-саттықтағы орнын әлсіретті.

1700 жылдары алты миллионнан аса ерлер мен әйелдер құлдық еңбекке жегілу үшін Атлантиканы мәжбүрлі түрде кесіп өтті. Құл саудасы Батыс Африкадан – Сахара шөлінің бойымен мұсылмандардың Жерорта теңізінен – құрлықтың шығыс бөлігінен Араб түбігіне, Парсы елі мен Үндістанға дейін таралды. XVIII ғасырдың орта тұсында жыл сайын елінен зорлықпен әкеткен африкалықтардың жалпы саны жетпіс мыңға жуықтады.

Азиядағы үрей билеген империялар

Коммерциализация жағдайында әлемдік аренада қатысу барлық қатысушыларға көп ұмтылысты талап етті. Азияда үздіксіз өскен мемлекеттік шығындар проблемасымен XIX ғасырдың басына дейін Циндық Қытай бәрінен де жақсы күресе алды. Ал үлкен мұсылмандық империялар XVIII ғасырдың басында құлдырау қарсаңында болды. Мысалы, Ұлы Моғолдар империясы Аурангзебтың өлімінен кейін бірден құрамдас бөліктерге бөліне бастады. Оның соғыстары барлық субқұрлықта династияның қысқа уақытта үстемдік құруына әкелгенімен, олар толығымен қаржыны асыра пайдаланып, мұрагерлерді державалық амбицияларды қамтамасыз ететін қолдаусыз қалдырды. Өз вотчиналарында салықтарды жинауға жауапты князь-махараджалар, набобтар Дели ауласына тәуелсіз саясатты жүргізе бастады. Оған Аурангзебтың қаржылай мен діни саясатынан туындаған ішкі ереуілдерді, қосыңыз. Олардың ішіндегі ең елеулісі – маратхалар ереуілі. Оның нәтижесінде Моғолдар Деккандық үстірттен айырылды.

1739 жылы ирандық билеуші Надир Шахтың әскерлері шабуыл жасап, Моғолдарды Делидың және жергілікті жерлердің билеушілеріне дейін төмендетіп, бұрынғы вассалдарға номиналды сюзеренитеті бар деңгейге жеткізді. Мұның барлығы саяси вакуумның пайда болуына әкеліп, оның орнын маратхалар парсылармен емес, Калькуттадағы британдық Ост-Үнді компаниясы толтырды.

Осман империясының әлсіреуі де қайғылы сипатта болды. Дегенмен экспансия кезеңі аяқталып, баяу шегінуі кезеңі басталды. 1699 жылы кейіннен 1718 жылы империя Габсбургтерге Венгрия, Трансильвания, Банат, Сербия мен Боснияның бөлігін беруге мәжбүр болды. Бұл аумақтардың кейбірі османдықтармен қайта игеріледі, бірақ XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресеймен екі сәтсіз соғыс Солтүстік Қара теңіздегі және Кавказдағы бірқатар жерлерден айырылуға әкеледі.



Осман империясы тек сыртқы жаулардың қысымына ғана тап болмады. Мемлекеттің қаржылық жағдайы керемет болмады. Османдық қарудың негізгі триумфының қайнаркөзі болған янычарлар қауіпті преториандық гвардияға айналып, олардың қолында сұлтанның өзі болды. Феодалдық магнаттар, провинцияларды басқаруға тағайындалған пашалар – өздеріне бағынышты жерлердің қожайынына айналды және жинап алған салықты мемлекеттік қазынаға жіберуді азайтты. Капитуляция жүйесі арқылы империяда қызмет еткен еуропалықтар енді сұлтандық сарайдан гөрі, осы автономдық билеушілермен келісуді қалады. Бір сөзбен айтқанда, елеулі геосаяси салмағы мен кең жерлердің сақталуына қарамастан, империяда биліктің орталықтан одан алшақтағы жергілікті элиталарға өту процесі орын алып жатты.

Оңтүстік теңіздердегі Еуропа қақтығыстары

Ұлы Моғолдар империясының құлдырауы, Ирандағы саяси тұрақсыздық, Осман империясындағы билік дағдарысының артуы және жалпы алғанда ұлы Таяу мен Орта шығыстық монархиялардың әлсіреуі Азиядағы еуропалық ықпалдың күшеюімен қатар жүрді. Белгілі болғандай бұл процестің өзінің жоғары құны болды. Сауда мен аумақтық басымдықтарға ие болуы құқығына саяси мазасыз кеңістікке Атлантикадан негізгі ойыншылар тартылды: Англия, Франция, Нидерланды, Испания. Олар Еуропалық құрлықтар орнатылған модельге сәйкес бір-бірімен ғана емес, Қытай, Үндістан, араб аймақтары, Малай жартыаралы және т.б. елдердің саудагерлерімен, жергілікті сауда ойыншыларымен күресуге мәжбүр болды. Олармен бәсекелестік ұзақ уақыт бойы қалаған нәтижелерге әкелмеді. Сондықтан өз монополиялық ұмтылыстарын саяси себептермен қолдауға ұмтылған еуропалық сауда компаниялары мәселені «күшпен шешуге» көбірек жүгіне бастады.

Мысалы, голландықтар бұған дейін Джакартаны жаулап алып, оны Батавия деп атап, XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басында барлық Ява аралын бағындыру мақсатымен бірқатар әскери компанияларды ұйымдастырды. Нәтижесінде голландық Ост-Үнді компаниясы ауылшаруашылық өнеркәсіпті бақылау мүмкіндігіне ие болып, осы арқылы явалық шаруаларды коммерциялық мәдениетке (ең алдымен кофе) көбірек жерлерді бөлуге мәжбүр етті.

Британдық Ост-Үнді компаниясы өз бәсекелестеріне қатысты одан да қатаң саясат жүргізді. Бенгалияда құрылған компания ұзақ уақыт бойы Моғол падишахтарының көңіл бөлуіне байланысты еді. Моғолардың билігінің әлсіреуінен соң, компания жергілікті билеушілерден қалыспай, империялық мұраны бөлісуге кірісті. 1757 жыл ең маңызды кезеңге айналды. Ол уақытта Роберт Клайв бастаған аралас еуропалық үнділік жасақтар Плесси ауылының түбінде Бенгалдық набобтың әскерін талқандады. Нәтижесінде осы құрлықтың ең экономикалық тұрғыда дамыған және халқы тығыз орналасқан Бенгалияның барлық бөлігі аннексияланды. Компанияның шабуылы одан әрі жалғасып, ол адами және қаржылай мол қолдауға ие болды. Компанияның шабуылы нәтижесінде Маратхалық конфедерация, Үндістанның оңтүстігіндегі Майсур мемлекетімен, кейіннен Пенджабтағы сикхтармен және Непалдағы гуркхтармен қақтығыстарға ұласты. XIX ғасырдың басында ағылшындар Майсур түбінде шешуші жеңіске қол жеткізді, бірақ олардың ұстанымы 50 жыл бұрынғыдан салыстырғанда басқа еуропалық ойыншылармен қатар күшейді.

Жеті жылдық соғыс

Британдық Ост-Үнді компаниясы өзінің күшеюі XVII–XVIII ғасырларда Ұлыбритания енгізген отарлық соғыстар есебінен де болды. Оның негізгі қарсыласы Франция еді. Франция алғашқы Бурбондар кезінен еуропалық құрлықта үстемдікті орнатуға ұмтылған болатын. Барлық еуропалық мемлекеттер қатысқан соғыстар көптеген соғыстар ешбір тарап үшін шешуші жеңіспен аяқталмады. 1756 жылы басталған Жеті жылдық соғыс тек осы айтылғанға жатпады. Онда Англия Пруссиямен бірге Ресей қолдаған Франко-Австриялық одаққа қарсы шықты. Еуропа, Үндістан, Солтүстік Америка мен Африканы қамтыған бұл соғыс шын мәнісінде әлемдік



үстемдік үшін соғыс болды. Егер Еуропаның өзінде соғыс ante-bellum шегараларын сақтап қалумен аяқталса, француздық отарлық империядан тыс аумақта елеулі соққы жасалынды.

Жеті жылдық соғыстан (1756–1763) кейінгі алып елдер мен колониалды территориялар

Империялар – кейбірі жапсарлас жерлерде, кейбірі мұхиттың ар жағында орналасқан ауқымды территорияларға иелік етті. Бұдан да үлкен территория мен байлыққа қол жеткізуге деген ниет империялар арасындағы бәсекеде көрініс берді.

1763 жылы жасалынған Париж келісімшартына сәйкес Франция Англия мен Испания есебі үшін өзінің Американдық отарларынан айырылды, сонымен қатар, оңтүстік Үндістандағы Карнатик жағалауындағы жақында иемденген жерлерден бас тартты. Британия теңіздердің сөзсіз қожайынына айналды. Бірақ бұл әлемдік саудадағы мемлекеттің жетекші ұстанымдарының сақталуын ұзақ қамтамасыз ете алмады. Алайда 20 жылдан кейін Британдық империя өзінің солтүстік американдық отарларындағы ереуілдерге тап келеді. Оның негізгі себебі осы Жеті жылдық соғыста жатыр және ол соғыстың Британия үшін сәтті аяқталуына байланысты. Британия бұл соғыс үшін өзінің ғана, прусстық әскери машинаны қолдау үшін де елеулі қаржыны жұмсаған еді. Бұл өз кезегінде Лондонның жаңа аумақтарды жаулап алуына әкелді.

Сұрақтар

1. «Жаңа заман» немесе «модерн дәуірі» деп қай кезеңді атаймыз?
2. Энергетикалық революция дегенді қалай түсінесіз?
3. Модерн дәуірінің орталық тенденцияларын атап өтіңіз?
4. Азия мемлекеттерінің жағдайы қандай болды?
5. Африканың жағдайын сипаттаңыз.
6. Британдық Ост-Үнді компаниясының саясатына тоқталыңыз.

Әдебиеттер

1. George Modelski, *World Cities, –3000 to 2000* (Washington, D.C.: Faros 2000, 2003), 63, 69–72.
2. David Christian, *Maps of Time: An Introduction to Big History* (Berkeley: University of California Press, 2004), 146–148.
3. Ronald Findlay and Kevin H. O'Rourke, *Power and Plenty: Trade, War, and the World Economy in the Second Millennium* (Princeton, NJ: Princeton University Press, 2007), 292.
4. Paul Kennedy, *The Rise and Fall of the Great Powers* (New York: Vintage Press, 1989), 149.
5. Prasanna Parthasarathi, *Why Europe Grew Rich and Asia Did Not: Global Economic Divergence, 1600–1850* (New York: Cambridge University Press, 2011), 37–46.